

№11 (574) 29 желтоқсан 2023 жыл

Zaınǵal

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ЖӘҢГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТІ

2023

БҚАТУ үшін тарихи жыл болды

2024

2023 жылы 60 жылдық мерейтойын атап өткен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұжымы жыл ішінде көптеген жетістіктердің куәсі болды. Соның бірқатарына шолу жасап көрейік.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (НААР/IAAR) өткізетін «Қазақстан Республикасының ЖОО сұраныстың тәуелсіз рейтингі – 2023» жыл сайынғы ұлттық рейтингінде Жәңгір хан университеті 33060 балл жинап, 8-орынды (2018 ж. – 10-орын; 2020 ж. – 11-орын) иеленді.

Азияның 25 елінен 856 университет кірген QS Asia University Rankings рейтингіне қатысқан Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 501-550 орынды иеленді.

Университет профессоры, техника ғылымдарының докторы Сәрсенбек Әлиакбарұлы Монтаев «Әлемдегі ең беделді ғалымдардың 2%-ы» рейтингісіне еніп, әлем бойынша ең үздік ғалымдардың қатарынан көрінді.

Жәңгір хан университетінің Erasmus+ ACeSYRI халықаралық жобасының жұмыс тобы мүшелері 20-22 маусым аралығында Жилин университетінде (Жилин қаласы, Словакия) болып, «Infotmation and Digital Technologies (IDT)» халықаралық конференциясына қатысты.

«500 ғалым» жобасы аясында мемлекеттік грант иегері атанған Жәңгір хан университетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Мақсат Джанғужиев Польша мемлекетінің Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде «Мәдени мұраны ілгерілету мен сақтаудың, тарихты сақтаудың және Қазақстанның әлемдегі халықаралық қатынастарын дамытудың халықаралық жобалары» тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуде.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы бойынша өткен республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсында университетіміздің білім алушылары Ерден Аяқалиев пен Аружан Бақытжан (ғылыми жетекшілері «Мұнай, газ және

химиялық инженерия» жоғары мектебінің доценті, т.ғ.к Б.Бурханов) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің I дәрежелі дипломымен марапатталды.

«Ақпараттық жүйелер және технологиялар» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Еркебұлан Қадырханов (ғылыми жетекшісі аға оқытушы, техника ғылымдарының магистрі А.Кубегенова) студенттер мен жас ғалымдарға арналған «GYLYM JANE BILIM-2023» халықаралық ғылыми конференциясында «Интеллектуальный анализ данных и прогноз в исследовании ВИЧ-инфицированных в Казахстане» тақырыбында онлайн форматта маңызды баяндама жасап, 3-орынға ие болды.

«Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің студенттерінен құралған қос команда Екатеринбург қаласының Урал мемлекеттік педагогикалық университетінде информатика пәнінен өткен халықаралық олимпиадаға онлайн форматта қатысып, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарға ие болды.

Ардагер спортшы Николай Колмогоровтің ҚР чемпионатында 70 жасстан жоғары ардагерлер арасында 95 келі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсіп, алтын медаль иеленді.

Жәңгір хан университетінің 2-курс студенті Мария Бровкова Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында 500 метр қашықтыққа жұптасып каноэ есуде күміс жүлдеге ие болса, бір адамдық каноэда 200 метр қашықтықта қола жүлдеге қол жеткізді.

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның 2023 жылғы 20 желтоқсандағы шешімінің қорытындысы бойынша Жәңгір хан университетінің 9 оқытушысы «Болашақ» халықаралық степендиясының иегері атанды.

Олар – университет мақтаныштары

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде жылдағы дәстүрге сай ұйымдастырылған «Үздіктер мен белсенділер» слетінде жыл бойына жоғары жетістіктерімен көзге түскен студенттер марапатталды.

Университеттің Жастар бастамасын дамыту орталығы ұйымдастырылған салтанатты іс-шара «Нұралы» мәдени-демалыс орталығында өтті. Алдымен сөз алған университеттің оқу жұмыстары жөніндегі проректоры Нұркен Губашев шараға шақырылған қонақтарға білім ордасының басшылығы атынан ыстық ықыласын білдіріп, шараның маңызына тоқталды. – Мен бүгін осындай шараға қатысып отырғанымға өте қуаныштымын. Біздің студент-жастарымыздың әрқайсысы еліміздің егемендігінің тұғырын биіктетіп, университетіміздің дамуына өз үлестерін қосып жүр. Сіздердің жетістіктеріңізге біздер марқайып жүреміз. Соның ішінде оқуын үздік оқитын, қоғамдық жұмыстарға әр кез белсене атсалысатын, сондай-ақ түрлі байқаулар мен жарыстар-

да, білім сайыстарында топ жарып жүрген жастар ел болашағын құрайды деп сеніммен айта аламыз. Әлі де бағындырар белестеріңіз көбейе берсін, алдағы жылы да толағай табыстарға жететіндеріңізге сенеміз, – деді Нұркен Маратұлы.

Шарада сөз алған қонақтар да Жәңгір хан университетінің үздік студенттерін құттықтап, білімді, тәрбиелі жастар – жаңа Қазақстанның болашағы екенін атап өтті.

Студенттер вальсімен басталған мерекелік шара барысында білім, өнер, спорт салалары бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізген білім алушылар университет ректорының атынан Құрмет грамоталарымен және мерейтойлық төсбелгілермен марапатталса, Президенттік шәкіртақы иегерлері мен бірқатар белсенді студенттерге алғыс хаттар тапсырылды. Сонымен бірге «Білімділер додасы» зияткерлік сайысының, республикалық пікір сайыс турнирлерінің, «Жаңа толқын» облыстық студенттер фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шараны өнерлі жастар ән-билерімен көркемдеді.

Шараға 150-ден астам студент қатысты.



Газетіміздің 4-бетінде әр институт ұсынған үздік студенттердің жетістіктерімен таныса аласыздар.



Жаңа жылда кімнен, қандай сыйлық күтесіз?

Санаулы күндерден соң 2023 (қоян жылы) жыл да тарих қойнауына енгелі тұр. Қоян жылынан кейін Ұлу жылы төрімізге озбақ. Жаңа жыл қарсаңында Жәңгір хан университетінің оқытушылары арасында мерекелік сауалнама ұйымдастырған болатынбыз. Ендеше тілекпен өрілген жауаптарға кезек берейік.

1. Биылғы жылдың сіз үшін ерекшелігі?

2. Күні бүгінге дейін жаңа жылды үйден тыс жерде, отбасыңыздан алыста қарсылаған уақыттарыңыз болды ма? Сол туралы айтып берсеңіз?

3. Биыл қоян жылы, 2024 – ұлу жылы. Жалпы жыл санауға мән бересіз бе, өзіңіздің жылыңыз кім? Отбасыңызда ұлу жылы дүниеге келгендер бар ма?

4. Жаңа жылда кімнен, қандай сыйлық күтесіз? Ал өзіңіз кімдерге сыйлық жасайсыз?

5. Әріптестеріңізге тілегіңіз?



Баян ЕСМАГУЛОВА,
«Орман, жер және су ресурстарын басқару»
ЖМ жетекшісі, PhD докторы:



«Түркия елінде қарсыладық»

1. Биылғы жыл мен үшін ерекше маңызды болды. Себебі үлкен ұлым осы жылы мектеп түлегі болғандықтан, жауапкершілікті, тиянақтылықты қажет ететін жыл болды. Осы жыл жауапкершілікті ұстанған ұлымның грант иегері атанып, өзі қалаған оқу орнының студенті атануымен ерекшеленді деп айта аламын.

2. Жаңа жылды отбасымнан жырақта қарсы алып көрмеппін. Бірақ 2022 жылды отбасыммен Түркия елінде қарсыладық. Мұсылман елі болғандықтан, олар жаңа жылды шырша құрып, ерекше тойламайды екен. Наурыз мерекесін ғана ерекше атап өтеді. Бірақ шетелдік туристерге жаңа жылды қарсылауға мүмкіндік береді.

3. Жыл санау немесе бір жылды екіншісінен ерекше көру дегенге көп сене қоймаймын. Жалпы қай жылды да, ең бастысы, үлкен жоспармен, нық сеніммен, зор үмітпен бастаймын.

4. Сыйлық алу барлық адамға ұнайтыны рас. Бірақ ешкімнен осынша бір үлкен сыйлық күтпеймін. Дегенмен, жаңа жылда міндетті түрде жолдасымнан, ата-аналарымнан, балаларымнан, бауырларымнан, достарымнан сыйлық алып тұрамын. Өзім сыйлық бергенді, біреуге қуаныш сыйлағанды қатты жақсы көремін. Көбіне сыйлықты отбасыма, достарыма, кейде жұмыстастарыма жасап тұрамын.

5. Әріптестеріме жаңа 2024 жыл құт-береке әкелсін. Отбасыларына аمانдық, дендеріне саулық, жұмыстарына табыс тілеймін. Әрбір игі бастамалары іске асып, еңбектері еленіп, биіктерден көріне берсін деп тілеймін!

Айжамал АЙДАРАЛИЕВА, э.ғ.к.,
«Экономика және аудит» жоғары
мектебінің доценті:



«Қызыл теңізге саяхат сыйлады»

1. Биылғы жылдың мен үшін ерекшелігі – жұмыста, отбасымда, достарымыз тарапынан тосын сыйларға толы болды. Мысалы, жыл басында жұмыс бойынша жоспарларыма ойламаған жерде жаңа жобалар қосылып, өзім біраз сыннан өттім. Ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткер ретінде барлық кезеңдерінен өтіп, жаңа жыл қарсаңында сүйінші хабар жетіп, «500 ғалым» байқауында жеңіске жетіп, Германия елінде тағылымдамадан өтетін болдым. Екіншіден, әріптестеріммен бірге ғылыми грант конкурсына қатыстым. Отбасылық достарымыз жыл басында өз мерейтойларын бірге тойлау үшін бізге Қызыл теңізге саяхат сыйлап, күтпеген тосын сый жасады. Ал отбасымыздағы қуанышты жаңалық: үлкен қызым шетелге жұмыс бабымен ауысты, сонда ең үлкен немерем бірінші сыныпқа қадам басты.

2. Жаңа жылды үйден тыс жерде, отба-

сымнан алыста қарсылаған уақытым болған жоқ. Бірақ, кім біледі?!

3. Жыл санауға мән беремін, себебі адамның дүниеге келген жылының сипаттамалары көп жағдайда сәйкес келеді. Мен өзім жылқы жылында дүниеге келгенмін. Мысалы, жылқы жылы туғандарды қай кезде де көңілді деп сипаттап жатады. Адамдарды тез баурап алатын қасиеті бар, жан-жағына шуақ сыйлап жүреді, ақшаға өте мұқият. Тез ашуланып, тез басылады. Ешкімге тәуелді болғысы келмейді, біреудің ақылына мұқтаж емес. Тек өзінің ғана түйсігіне сенеді. Осының көпшілігі мен туралы айтылған сияқты. Ал ұлу жылы туғандарды өзгелерден өмірлік күш-қуатымен, денсаулығының мықтылығымен ерекшеленеді деп жатады. Бірақ бірбеткей, кез келген нәрсені бірден көңіліне алып қалатын, қызба мінезді. Әдетте ұлу жылғылар мансаптық табалдырықтың биігіне ұмтылғыш және көздегеніне жетпей қоймайды. Екіжүзділік оларға тән емес. Өзімнің отбасымда анам мен үлкен қызым ұлу жылы туғандар. Олардың мансапқа ұмтылғыштығы, айналасына сыйлы қасиеттері, қызба мінезділігі, бірбеткейлігі жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді.

4. Жаңа жылда Аяз атадан сыйлық күтемін. Үйде қалыптасқан дәстүр бойынша сағат түнгі 12.00-ден соң отбасымызбен шырша астынан сыйлық іздейміз. Өзім отбасы мүшелеріне және қалада тұратын туыстарыма оларды қуантатындай сыйлық жасауға тырысамын.

5. Адам баласы жаңа жылдан көп жақсылық күтеді, жаңа жылға үлкен үміт артады, бұл – керемет сиқырлы сәт. Жаңа жылда жұмысымыз табысты, денсаулығымыз мықты, жүрегіміз тыныш, мол дастарханымыз тек жақсылыққа жайылыс. Барлық істеріміз алға жылжып, бастамаларымыз жақсы нәтиже берсін. Жағымды жаңалық пен толағай табыс тілеймін!

Назгүл ХАЙРОВА,
«Техника және инженерлік қорғау»
жоғары мектебінің оқытушысы

«Сыйлықтарым бар...»



1. Биылғы жыл мен үшін есте қаларлықтай болды, себебі 2023 жыл маған жаңа таныстар, жаңа достар табуға көмектесті, әрі жаңа ортаға келіп, өзімді жаңа қырымнан тануға мүмкіндіктер болды.

2. Жалпы жаңа жыл – мен үшін ерекше мейрам. Яғни, жаңа жылдың келуі, жаңа мақсаттар, жаңа армандар, жаңа жетістіктер, жаңа ой-

лар, жаңа жоспарлар. Сонымен қатар жаңа жыл – мен үшін отбасылық мереке. Сол себепті қатар сайын бұл мейрамды өз отбасыммен, балаларыммен үйде қарсылаймын.

3. Әрине, біздің ата-бабамыз осы жыл атауларына қарап отырып, жылдың қалай өтетінін болжап отырған. Өзім жылан жылы дүниеге келіппін. Үйде қызым ұлу жылы дүниеге келді.

4. Шынымды айтсам, өзім ешкімнен сыйлық күтпеймін. Бірақ сыйлық жасағанды ұнатамын. Отбасыма, достарыма, әріптестеріме сыйлықтарым бар. Бірақ ол құпия...

5. Жаңа жыл жақсылығымен келсін. Әріптестеріме тұрақтылық, рухани күш және оқытушының қиын жұмысында төзімділік тілеймін. Жаңа жыл көптеген жақсы оқиғалар әкелсін, жарқын әсер мен бақытты сәттер сыйласын. Әріптестеріме денсаулық, сәттілік, шығармашылық табыс тілеймін. Студенттер сіздерді жақсы жетістіктерімен қуантсын, ал ұжымда әрқашан түсіністік пен құрмет орнасын. Барлық армандар орындалсын, жаңа жыл жағымды эмоциялар мен бақытты сәттерден басталсын.

Эльмира АККЕРЕЕВА,
«Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары
мектебінің аға оқытушысы, магистр:

«Отбасым үшін елеулі жыл болды»



1. Биылғы жылы отбасымда қуанышты жағдайлар орын алды. Қызым Акторғын республикалық пәндік олимпиадада 2-орынды иеленді. Әнуарбек атты інім Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне оқу түссе, үлкен інімнің атқа мінері дүниеге келді. Студенттерім республикалық олимпиадада 25 команданың арасында жүлделі 3-орынға қол жеткізді. Ал өзім жаңа жыл қарсаңында «Болашақ» халықаралық бағдарламасының грант иегері атандым.

2. 2009 жылы жаңа жыл мерекесін отбасымнан жырақта

Атырау қаласында қарсылаған едім.

3. Жалпы жыл санауға мән беремін. Отбасымызбен өз жылымызды асыға күтеміз. Өзім қоян жылында дүниеге келдім. Ұлу жылы дүниеге келген сіңлім бар.

4. Жаңа жылда әрине сыйлық күтеміз. Ең бастысы отбасым, ата-аналарымыз, бауырларымыз аман болсын деп тілеймін. Жаңа жылда маған біреу көлік сыйласа екен деп күтемін. Өзім бауырларыма, қайын жұртыма шағын болса да, көңілдерінен шығатындай сыйлық жасаймын.

5. Қымбатты менің әріптестерім! Сіздерді жаңа ұлу жылымен кіршіксіз көңіліммен, ыстық ықыласпен құттықтаймын. Жаңа жыл – әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мерекеміз. Барша адамзат жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. Келер жылда отбасыларыңызға құт-береке, қызметтеріңізге өрлеу тілеймін. Денсаулықтарыңыз күйлі-қуатты, бақыттарыңыз баянды, көңіл күйлеріңіз тамаша болсын. Алдағы жыл сіздерді он өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын. Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша әріптестеріме бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін. Бұл жыл үлкен жетістіктерге жетелесін, барлық бастамаларыңызға табыс әкелсін.

Нұржамал ЖУМАГАЛИЕВА,
«Мұнай газ және химиялық инженерия»
жоғары мектебінің оқытушысы:

«Қоян жылы туғанмын»



1. 2023 – мен үшін өте ыстық және мәңгі есімде қалатын жыл. Биыл отбасымызбен армандаған баспанамызға көштік. Сол себепті ескі жылға өкпем жоқ.

2. 2021 жылы жаңа жылды балам екеуіміз жұппалы аурулар ауруханасында қарсы алғанымызға қосытқ. Бала денсаулығы үшін ата-ана бәріне дайын болады ғой. Жалпы қайда болса да, жаңа жылды әдемі тойлауға болады екен. Ең бастысы,

ниет болса және осындай жағдайлардан да жақсылықты көре білу қажет деп ойлаймын. Ауруханада Аяз ата мен Ақшақар келіп, тәттілер беріп, әдемі тілек айтып, кішкене болса да көңіл күй сыйлады. Әрине, ол кезде күлетіндей жағдайымыз болмады, ал қазір күліп еске аламыз. Бұл да бір тәжірибе болды.

3. Өзім қоян жылы туғанмын. Жыл санауға мән бермеймін. Жалпы әр жылдың өзіне тән мінезі, ерекшелігі бар деп жатады. Отбасымда ұлу жылы үлкен қызым Амира туылды. Қызым өте сезімтал, арманшыл, шығармашылыққа жақын. Ал келер жылдан күтетін үмітіміз көп.

4. Біздің отбасымыз әр жаңа жылды ерекше атап өтеді. Міндетті түрде бір-бірімізге арнайы сыйлықтар дайындаймыз. Қандай сыйлық болса да, ол шын жүректен берілу керек деп есептеймін. Мен үшін, ең бастысы, отбасымның амандығы, балаларымның жадыраған күлкісі.

5. Жаңа 2024 жыл әр отбасына жаңа бақыт, жаңа табыс әкелсін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын, ауызбіршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген сенім нық болсын! Жаңа жыл – бірлік пен татулықтың жылы болсын. Әр отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын!



Мазмұнды кездесу

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 1975 жылғы түлегі, «Уральсктракторозапчасть» ЖШС-ның директоры Павел Толоконников Политехникалық институттың білім алушыларымен кездесті.

Проблемалық дәріс түрінде өткен кездесудің мақсаты – техникалық мамандарды даярлаудың өзектілігі. Дәріс барысында Павел Яковлевич оқу жылдары және одан кейінгі кәсіби қызметі туралы әңгімеледі. Қазақстанның проблемасы, атап айтқанда, сапалы техникалық мамандардың жетіспеушілігі сөз болды. Инженер-мамандар даярлаудың маңыздылығы мен олардың




Қазақстанның болашақ дамуындағы рөлі туралы айтты. Тәжірибе және тәжірибеге бағытталған сабақтардың қажеттілігіне мысалдар келтірді. Жабдықты техникалық пайдалану, өндірісті ұйымдастыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.

Кездесу білім алушылар үшін өте мазмұнды болды. Өндірістік тұрғыдан алғанда әрбір білім беру бағдарламасының аспектілері және олардың аймақтың және жалпы Қазақстанның дамуындағы рөлі ашылды.

Адилъ ИБРАЕВ,
«Техника және инженерлік қорғау»
жоғары мектебінің жетекшісі, аға
оқытушы, PhD докторы

МЕРЕЙТОЙ

Құрметті Амангелды Тұлеушұлы!



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының «Кәсіби және көркем-технологиялық білім беру» жоғары мектебінің педагогикалық ұжымы Сізді өміріңіздегі елеулі кезең – 63 жылдық зейнеткерлік мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз еңбек жолыңызда оқытушы, аға оқытушы лауазымдарын жауапкершілікпен атқарып, біліміңізді, жігер-қайратыңызды еліміздің өркендеуі мен гүлденуіне және кемел келешегі – ел тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеуде озық тәжірибе мен салауатты өмір салтын ұстануға насихаттауға жұмсап келесіз. Ұжымыңыздағы жас әріптестеріңізге әдістемелік көмек көрсетіп, үлгі болдыңыз. Студенттеріңізбен түрлі спорттық шаралар мен жарыстарда жүлделі орындарға ие болдыңыз. Білім алушылар арасындағы спорттық тәрбие жұмысына ғана емес, сондай-ақ жас ұрпақтың білікті маман болып шығуы үшін бар күш-қайратыңызды жұмсадыңыз.

Еңбек ұжымыңыз Сізді еңбекқор, білікті және тәжірибелі маман, сыйлы, ізденімпаз ұстаз, жауапкершілігі мол, тиянақты қызметкер ретінде құрметтейді.

Мерейлі зейнеткерлік жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге және берекелі шаңырағыңызға қуаныш пен жақсылық тілейміз. Өмір белестері Сізге үлкен жетістіктер, абырой мен зор денсаулық және жаңа табыстар әкелсін. Адал еңбегіңіздің арқасында жеткен қадір-құрметіңіз бен жетістіктеріңіз баянды болсын. Өскелең ұрпақ пен жас мамандарды тәрбиелеудегі еңбегіңізге табыс тілейміз!

Құрметпен, «Кәсіби және көркем-технологиялық білім беру» жоғары мектебінің, «Сұңқар» спорт клубының ұжымы

Пәндік олимпиада өтті

Олимпиада – студенттерге арналған ғылыми іс-шаралардың бір түрі. Өзінің құрылымы бойынша олимпиада ЖОО-дағы ғылыми іс-шара ретінде оқу пәндері бойынша (пәндік олимпиадалар) немесе мамандық бойынша болуы мүмкін.

Олимпиаданың екі түрі де студенттердің шығармашылық сайысы ретінде өткізіледі. Пән бойынша олимпиада студенттердің белгілі бір пәндер бойынша теориялық білімдерін тексеру мақсатында және практикалық мәселелерді шешуге бағытталған шара болып табылады.

Олимпиаданы пән деңгейінде өткізу студенттерді ынталандыруға және оқитын пәндеріне деген студенттердің қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Олимпиада студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың, студенттердің оқу-танымдық қызметін жандандырудың және мамандарды даярлау сапасын арттырудың, оқу процесін қарқындалту мен жетілдірудің әмбебап құралы болып табылады.

Олимпиаданың басты міндеттерінің бірі – дарынды жастарды анықтау және қолдау. Сонымен қатар, олимпиаданы пән деңгейінде өткізу студенттерді ынталандыруға және студенттердің оқытылатын тіл



цесін қарқындалту және жетілдіру ретіндегі әмбебап құрал болып табылады. Білім бағдарламалары бойынша студенттік олимпиаданың өткізу міндеттері: университеттің қоғамдық өміріне қатысуын арттыру; студенттің жеке белсенді шығармашылығын қалыптастыру; өндірістік жұмысына жоғары білік-

бойынша пәндік олимпиада оздырылды. Олимпиадаға аталған білім бағдарламасының 3-курс білім алушылары (БЖП-31, БЖП-32, БЖП-33 топтары) қатысып, өз бақтарын сынады. Пәндік олимпиада 2 кезең бойынша өткізілді (барлық тапсырмалар республикалық әдістемелік орталықтан алынды). 1-кезеңде білім алушылар тест тапсырмаларын орындаса, 2-кезеңде сұрақтарға жауап беру арқылы бақтарын сынады.

Олимпиаданың қорытындысын бағалау үшін қазылар алқасы құрылып, 2 кезеңнің қорытындысы бойынша БЖП-32 тобының білім алушысы Джамия Рамазанова – III орын, БЖП-31 топ білім алушысы Дина Маратова – II орын және ең жоғарғы балға ие болып өте жақсы нәтиже көрсеткен БЖП-32 топ білім алушысы Варвара Киреева I-орынды иеленіп, алдағы уақытта сәуір айында Қарағанды техникалық университетінде өтетін республикалық олимпиадаға жолдама алды.

Назгул ХАЙРОВА,
«Техника және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің
оқытушысы, магистр



пәніне қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың оқу-танымдық қызметін жандандыру және мамандарды даярлау сапасын арттыру, оқу про-

ті дайындалған кәсіби мамандарды қалыптастыру.

Осы орайда «Техника және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің «Өндірістегі өмір тіршілік қауіпсіздігі» білім бағдарламасы

Жыл үздіктері – 2023



Агротехнология институты – «Үздік институт-2023»



«Ветеринарлық клиникалық ғылымдар» жоғары мектебінің аға оқытушысы, ветеринарлық ғылымдар кандидаты Ербол Сенғалиев жыл бойына білім алушылармен әр түрлі қоғамдық шараларға қатысу нәтижесінде «Үздік тәлімгер» аталымының жеңімпазы атанды.



Мекен ҚАРҒАБАЙ, Политехникалық институттың 3-курс студенті. Университетімізде ұйымдастырылған «Студенттік көктем-2023» байқауының көркем сөз аталымы бойынша I орын иегері. №3 студенттер үйі бойынша «Жыл жүргізушісі» атағының иегері. Университет басқарма төрағасы-ректоры А.М.Наметовтың атынан берілген Алғыс хат иегері. «Білімділер додасы-2023» сайысының студенттер лигасының жеңімпазы.



Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА, Агротехнология институтының 3-курс студенті. Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қосқан үлесі үшін университет басқарма төрағасы-ректор А.М.Наметовтың алғыс хатымен марапатталды. Облыстық «Білімділер додасы-2023» зияткерлік сайысының студенттік лигасының жеңімпазы және «Үздік ойыншы-2023» аталымының иегері. Жыл қорытындысы бойынша «Үздік студент -2023» аталымының жеңімпазы. Президенттік степендиат иегері ретінде университеттің басқарма төрағасы-ректоры А.М.Наметов атынан мерейтойлық медальға ие болды.



Балауса ҰЗАҚҚАЙРОВА, Индустриалды-технологиялық институтының 4-курс студенті. Халықаралық студенттер күнін мерекелеуге орай университетіміздің жастар саясатын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық жұмысы үшін алғыс хатпен марапатталған. «Іргетасы жоқ үй салу және іске асыру жолдары» ғылыми мақаласының авторы. Білім алушыларға арналған «Ғылымға жол-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағына жұмысы енгізілген.



Ақжанай ӘБІЛҒАЗИЕВА, Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының 4-курс студенті. Университет басқарма төрағасы-ректоры А.М.Наметовтың атынан берілген Құрмет грамотасының иегері.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады. Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 574 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көмесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru